

ҚР білім мен ғылым министрілігінің 2018 жылдың 29 маусымындағы №316 бұйрығына сәйкес педагогтің кәсіби құзыреттілігін тексеріліп жатыр. Осыған байланысты кәсіби құзыреттілігін тексеру жүз тестілік тапсырмадан тұрады:

«Қызмет бағыты бойынша» – жетпіс тапсырма;

«Педагогика, оқыту әдістемесі» – отыз тапсырма;

Кәсіби құзыреттілігін тестілеудің жалпы уақыты екі жүз отыз минутты құрайды. «Қызмет бағыты бойынша» - 50%, «Педагогика және оқыту әдістемесі» бойынша - 50% дұрыс жауап алынса, тестілеу нәтижесі оң деп есептеледі.

Тестілеу кезінде 50 %-дан кем нәтиже көрсеткен немесе дәлелді себептермен қатыспаған аттестатталушы адамдар бірінші тестілеуден кейін екі айдан кешіктірмей қайта тестілеуден өтеді.

Мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін дамытудың бірден бір құралы – оқушылардың оқудағы нәтижесін бағалауда жаңа инновациялық тәсілдерді тиімді қолдану болып табылады. Мұғалімдердің бағалау дағдысының дамуы педагогикалық шеберлік деңгейін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер:

1. Жүсіпова Ж.А. Педагогикалық шеберлік. Алматы, 2011
2. Байжуманова Н. С. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі //Білім әлемінде. – 2008, - № 5. - С. 33-36.
3. Нұрғазиева Н. М. Шығармашылық әрекеттегі мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің аспектілері // Бастауыш мектеп. - 2010. - №11. - С. 58-60
4. Құдайбергенова К.А. Құзырлылық – тұлға дамуының сапалық критерий // «Білім сапасын бағалаудың мәселелері: әдіснамалық негізі және практикалық нәтижесі» атты халықаралық ғылыми – практикалық конференцияның материалдары, 2008, 30- 32-б.
5. Устемиров К. Шаметов Н.Р. Васильев И.Б. Профессиональная педагогика. Алматы, 2005.- 432 с.

**Сарсенғалиева Г.К., Ізтұрғанова Л.Е.,** Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті, машина жасау факультеті, гр. СТ-19-1, студент  
(Ғылыми жетекшісі – оқытушы Кишенова А.Ю.)

### ҚАЗІРГІ ЗАМАН МЕКТЕБІНДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК - ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

Қазіргі таңдағы мектептердің әлеуметтік-педагогикалық мәселелерінің бірі оқушылардың агрессивті мінезі, оқушы мен оқытушы арасындағы қарым-қатынас, мұғалім мен баланың отбасының арақатынасы, оқушының өзін-өзі ұстау дәрежесінің түсуі, физикалық және эмоционалды агрессиялардың пайда болуы жатады.

Балалардың агрессивті мінезінің пайда болуы тек қана мұғалімдер, дәрігерлер, психологтардың ғана емес, бүкіл қоғамның өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Агрессивті мінез-құлықты балалардың саны қарқынды өсуде. Психологтар агрессияның бірнеше түрін ерекшеледі: физикалық агрессия (біреуге қарсы келтірілген физикалық іс-әрекет), ашуланшақтық (дәрекілік, қызбалық), жанама агрессия (сөз тарату, көңілге тиетін әзілдер, айқаулау), негатив (оппозициялық мінез-құлық).

Бұның барлығы қайырымсыз факторлардың кесірінен пайда болып отыр:

- балалардың денсаулығының жай-күйіне кері әсерін тигізетін патологиялық туылу санының ұлғаюуы ;
- бұқаралық ақпарат құралдарының ықпалы;
- әлеуметтік өмірдің нашарлауы;
- отбасылық мәселелер мен өзінің қатарластарымен келіспеу терең психикалық қолайсыздыққа әкелуі;
- отбасылық тәрбиедегі тығырық;
- балаға уақытылы көңіл бөлінбеуі.

Балалық агрессияның пайда болуы мен отбасыдағы берілген тәрбиенің арасында тікелей байланыс бар. Мысалы, егер баланы агрессивті мінез-құлық көрсеткені үшін қатты жазалайтын болса, онда ол ата-анасының алдында өз ашуын жасырып үйренеді, бірақ бұл агрессивті мінез-құлықтың басқа жағдайда көрсетілуіне кепілдік бермейді. Баланың агрессивті мінез – құлқына ата-ананың немқұрайлы қарауының өзі баладағы агрессивті мінез-құлықтың пайда болуына әкеледі. Балалар агрессивті мінез-құлықты көп жағдайда үлкендердің назарын өздеріне аудару

үшін көрсетеді. Ата-ананың тәрбиедегі өз-өзіне сенімсіздігі, шарасыздығы балада ашулық пен қырсық мінез тудырады. Қазіргі таңда отбасының дәрежесі мен маңызы: толық емес отбасылар, көп қаражат әкелетін адамның дәрежесі жоғары болатын отбасылар.

Балалар мен ата-ананың арасындағы келіспеушіліктердің профилактикасының негізгі бағыттары мынадай:

1. Ата-анадағы педагогикалық мәдениеттің жоғарылауы – балаларды тәрбиелеуі, ата-ананың өзін-өзі тәрбиелеуі;
2. Балалардың ішкі-дүниесіне қызығушылық. Психологтардың ойы бойынша, ата-ананың балалармен келіспеушілігі кезіндегі ата-ананың өзін-өзі ұстауына мыналар көмектеседі:
  - Балалардың индивидуалды екенін ұмытпау;
  - Кез-келген жаңа оқиға жаңа шешімді талап ететінін ұмытпау керек;
  - Баланың талаптарын түсінуге тырысу;
  - Өзгерістерге уақыт керек екенін есте сақтау;
  - Қалыпты диссоциация факторы ретінде антипуриттік әсер;
  - Балаға деген қарым-қатынаста тұрақтылықты көрсету;
  - Балаға бірнеше балама таңдауларды жиі ұсыну;
  - Қиын жағдайдағы өзгерістерден бірге шешім табу;
  - Әділеттілік пен қажеттілікті ескере отырып, шекті түрде жазалау;
  - Балаға өзінің іс-әрекеттерінің негативті нәтижелерінен қашып құтыла алмайтындығын көрсету;
  - Баланың материалдық емес моральді көзқарасын кеңейту;
  - Өзге бала мен ата-аналардың үлгісін қолдану.

Біздің ойымызша, агрессивті балалар мен түзету жұмыстары мына бағыттармен орынды жүргізілуі керек:

- Агрессивті балаларды ашуын қолайлы түрде көрсетуге үйрету, яғни ашуды тіке сөзбен әрі мәдениетті түрде көрсетуге кеңес беру;
- Егер, барлығын тыныш күйде көрсететін бала кенеттен өзінің сезімдерін ашық айтатын болса, бұл түзету жұмысының дұрыс бағытта келе жатырғанын көрсетеді. Ашуды қаншалықты сөзбен көрсететін болса, өтірік айту, ұрлық жасау, дөрекілік пен басқа да пассивті – агрессивті мінез-құлық арқылы шығатын ашуды басады. «Ашу баспалдағы» әдісіндегі төменгі баспалар ашудың негативті түрде шығуын көрсетеді (сөзбен кемсіту, қолға түскен заттарды лақтыру және т.б.). Бала қаншалықты баспа бойынша жоғары көтерілетін болса, оның іс-әрекеттері ашуды позитивті түрде бақылайды. Бұған себеп болу үшін үлкендер дұрыс үлгі көрсетіп, өз-өзін жақсы ұстау керек. Ашуды көрсетудің басқа жолы – сезімді басқа бір қауіпсіз нәрсеге жіберу (мысалы, резиналық ойыншықтар, доп, шар, спорттық инвентарь және т.б.). Бұл нәрселердің барлығы бала өзінің ашуын адамдарға емес, жансыз нәрсеге ойын түрде шығаруы керек.
- Балаларды өз-өзін кез-келген жағдайда ұстай білуді үйрету.

Агрессивті балаларға түрлі жүйке тыныштандыратын жаттығулар пайдалы болады (іс-әрекетпен байланыстырылған мейірімді рифмалар). Түзету жұмыстарының барысында баламен ашудың не екенін, және де оның жағымсыз іс-әрекеттері адамды қаншалықты ашулы әрі тұрпатсыз көрсететінін түсіндіруге болады. Сол себепті, өз-өзімен жұмыстану өз-өзіңді басқару және де жағымды эмоцияларға ие болу маңызды.

- Келіспеушілік жағдайларындағы қабілеттерді шынықтыру.

Агрессивті балалармен жұмыс жасаудың бір түрі: рөлдік ойындар. Мысалы, топтың ішінде қоғамда көп кездесетін келіспеушіліктерді ойнауға болады.

#### **Рөлді ойын «Баланы есту»**

Келесі жағдайлар беріледі: «Бала мектептен ашулы келеді, өзінің портфелін бөлменің бұрышына лақтырып, енді мектепке бармаймын деп айқайлайды.»

Ата-ана актерлерге белгілі бір рөлді ойнау үшін арнайы қойылым беріледі:

- «Бала» ашуланады, дөрекілік танытады, өте эмоционалды түрде қарсы шығады;
- «Әке» авторитарлық іс-әрекет танытады (балаға қысым көрсетеді, айқайлайды, қоқанлоқы көрсетеді);
- «Ана» шектен тыс қамқор ата-ананың рөлін алады (әрдайым баланы жақтайды, оның кесірінен күйеуімен ұрсысады, мұғалімдерді әділетсіздікке айыптайды);

- «Әже» сәйкес емес мінез-құлық көрсетеді.

Көрермендерге (басқа ата-аналарға) болып жатқан оқиғаны тамашалау тапсырылады, ата-ананың өзінің баласымен әңгімесіндегі оң мен солды бақылау, балалармен әңгімелесудегі ең көп жіберілетін қателіктерді анықтау. Қатысушыларға жарқын түрде бұл іс-әрекеттердің дұрыс еместігін педагог рөлдік ойындар арқылы көрсетеді.

Оқиғаны талқылау актерларға үндеуден басталады. Жағдай қалай дұрыс әсер етеді? Балаға не айту керек? Қалай тыныштық сақтай білу керек, әсіресе, егер дәл осы сәтте сіз өзіңіз шаршап, ашулы болып тұрсаңыз? Ойға көбінесе автоматты түрде біздің қателігіміз болатын іс-әрекеттер келеді:

- Бұл бұйрық, команда, қоқанлоқы;
- Мораль, адамгершілік, психологиялық саңыраулыққа әкеліп соқтыратын жағдайлар;
- Критика, сөгу;
- Бақылау жүргізу, сыртынан күлу, айыптау;
- Мәселені жоқ қылу және оқытушының дәрежесіне қарамастан баланы барлық жағдайда ақтап шығу;
- Сонымен қатар, дайын тұрған шешімдерді ұсыну («бұлай істе...», «ертең оқытушыға былай деп айт...»), өзіндік жауапкершілікке үйретуден тайдыратын іс-әрекеттер. Бұндай іс-әрекеттер ара-қатынастың жақсы болуына көмектеспейді, сонымен қатар, баланың тұлға ретінде қалыптасуына және де мәселелердің шешілуіне септігін тигізбейді. Керісінше, ашушандық пен екі жақтағы өкпе одан сайын өсіп, келіспеушілікке әкеліп соқтырады.

Ең көп таралған (және өте орынды) балалар мен жасөспірімдердің ата-аналарға шағымы: *«Олар мені тыңдамайды!»*

Асығушылық, тыңдағысы келмеуі әрі тыңдай алмауы, қиын балалық әлемде не болып жатқанын түсіну, мәселелерге баланың көзімен қарауға тырысу, өмірлік тәжірибесінің қатесіздігіне нақты сенімділік – бірінші орындағы балалар мен өсіп келе жатқан балалардың арасындағы психологиялық барьердің туындауына себепкер.

#### **«Мінсіз ата-ана» жаттығуы**

«Жақсы ата-аналардан жақсы балалар өседі» - деген қалыптасқан моральді жиі естиміз, бірақ жақсы ата-ананың қандай екенін түсіндіру бізге қиынға түседі.

Жаттығудың мән – мағынасы, кез-келген адам өзінің жолдасынан қандай ата-аналық қасиетте көргісі келетінін қағазға жазуы.

Тарихта қалыптасып қалған адами менталитеттердің әлемге деген көзқарасы: ақ пен қара, таныс пен бөтен, жақсы мен жаман. Негізінде біз өмір сүретін әлем оны ақ пен қараға, адамдарды жақсы мен жаманға бөлетіндей қарапайым емес. Бізді қоршаған әлем түрлі-түсті және жарқын, ал адам оның бір бөлшегі, тылсым әрі көпжақты. Біздің іс-әрекетіміздің дәлелі, өсіп келе жатқан жасөспірімнің әлеуметтік мәселе емес, керісінше маңызды әлеуметтік резерв екенін көрсетеді.

Егерде мектептегі тәрбиелік жұмыстар гуманизация принципіне бағытталатын болса, онда бұл жұмыс табысты болады. «Педагогика процесстің орталығы – баланың тұлғалылығы».

Оқытушының, оқушының және ата-ананың бірлескен іс-әрекеті оқушылардың жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, мектептің өмірімен байланысты қағидаларды ұстану. Тәрбие жұмысын ұйымдастыруда қиындықтар туындаған кезде, қазіргі мұғалім тәрбие - жана инновациялық әдістерді қажет ететінін ұмытпау керек.

Отбасылық тәрбие қоғамнан бөлек жүзеге асырылмайды. Сол себепті, қоғамдық тәрбие мәселелері отбасы мен мектептегі қағидалардың жинақталуына кері әсерін тигізеді. Осындай проблемаларға:

- Екі жақты білім беру орындары мен отбасының келіспеушілігі;
- Балаға деген мектеп пен отбасының бірдей талап етпеуі;
- Негативті қоғамның қағидалары мен бұқаралық ақпарат құралдарының ықпалы;

Бұл аталған мәселелер мектепті отбасы мен қоғамның, ата-ана мен баланың, мемлекет пен қоғамның, оқытушы мен ата-ананың арақатынасының орталығы ретінде қарастыруға көмектеседі.

Мектеп - мемлекеттік тапсырыстың орындаушысы ретінде отбасы мен қоғамның тәрбиесіндегі өсіп келе жатқан ұрпақтың жол бағыттаушысы, бала мен ата-ананың, мемлекет пен қоғамның мәдениеттілік, спорттық, дамыту орталығы болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Абрамова Г.С. Жастық психология. М.:Академиялық жоба. 2001. -123б.
2. Болдырев Н.И. Мектептегі тәрбие жұмысының әдістемесі. М., 1989. 87б.
3. Бочарова Н.И. Отбасы мен баланың бос уақыт құрылымы. М.: ИЦ «Академия».2000. 231б.
4. Гарунов Э.Г. Мектеп балаларының тәрбиесі. Махачкала 1998. 242б.

**Сейдуалиева М.Ж.**, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, педагогикалық факультет, ПжП-23, студент  
(*Ғылыми жетекшісі - п.ғ.к., профессор Айтжанова Р.М.*)

## **ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕ КӘСІПТІК БАҒДАРЛАУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың 2050 бағдарламасына сәйкес халқымыздың жарқын болашағы үшін жан-жақты қалыптасқан, сапалы мамандар дайындалуы қажет. Қазіргі таңда жастардың кәсіби бағдарлануы басты мәселелердің бірі болып табылады. Кәсіби бағдар жұмыстарын ең бірінші мектеп қабырғасында беру міндет болып табылады. Жалпы білім беретін мектепте кәсіби бағдар жұмыстары ауадай қажет. Көбіне мектепте оқитын оқушылар қандай мамандық таңдарын білмейді. Оның өзіндік көптеген себептері бар. Мәселен, өзінің қабілетін білмеуі, болашағын толғандырмауы, ата-анасының шешімімен оқушының қабілетімен сәкесімсіздігі, қаржы мәселесі және т.с.с. [1, 3].

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының 3 бабында білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың тұжырымдалған негізгі принциптерінде «Оқушыларды кәсіптік бағдарлау» принципі қамтылған. Қазіргі заманымызда оқушыларға сапалы білім мен саналы тәрбие беру әрбір ұстаздардың алдына қойылған басты мақсат деп ойлаймын. Ал қазіргі таңда заманның талабы бойынша білім мен тәрбиеге қосып кәсіптік бағдарлау жұмыстарын қатар қолға алып отыр. Оқушылар мектеп бітірісімен өзінің қалаған мамандығына байланысты оқуға түсуге міндетті және оқу орының бітірісімен қалаған мамандық иесі болуы керек. Бірақ оны іске асыру үшін және кәсіптік мамандық игермес бұрын кәсіптік бағдарлау жұмыстарына үлкен көңіл бөлу қажет. Кәсіби бағдарлану кәсіби анықталу, соған байланысты іс-әрекетті саналы өзіндік реттеу мәселелерінде дәстүрлі және диагностикалық зерттеулерді қолдану, психологиялық, педагогикалық, практикалық кеңес беруді, мамандыққа дайындалуды, еңбек субъектісі ретінде болашаққа бағыт-бағдар беруді кеңінен қолдануды күшейтіп негіздейді [2, 12].

Оқытудың қазіргі заманғы тенденциялары жоғары білікті маман даярлаудың жаңартылған сапалы өзгерістерін талап етеді. Осы орайда, студенттерге жоғары білімнің сапасын арттыру мақсатында әр түрлі бағытта және жаңа әдістерді пайдалана отырып, білім беру үлкен маңызға ие.

Президентіміз Н.Ә. Назарбаев өзінің Қазақстан халқына жолдауында өкіметтің ұтымды жұмысы өзара байланысты үш факторға: оның құрылымдық, стратегиялық және кадрларды кәсіби іскерлігін даярлау деңгейіне сүйенетіндігін көрсеткен болатын [3, 17].

Қазіргі білім беру жүйесін қоғамның даму мақсатына сай дүниеге этикалық жауапкершілікпен қарайтын, шығармашылықты ойлауға дүниетанымдық мәдениеті жетілдірілген, адамгершілі мол және білікті мамандарын жаңа ұрпақтарын қалыптастыруға бағыттау керек. Сонымен қатар, өндірістің әр саласында ішкі және сыртқы нарықтық қатынастарды тез игеріп, икемделетін мамандарды әр түрлі сипаттағы кәсіптік, қоғамдық, саяси-әлеуметтік, мәдени қызметкер етіп даярлау - бүгінгі таңда басты міндеттің бірі.

Себебі, мектепті он екі жылдыққа көшіру мәселесі Қазақстан жағдайында қолға алынып отыр. Осыған орай, мектеп қабырғасынан жүргізілетін кәсіптік бағдар жұмыстарына мықтап көңіл бөлуді қажет етеді. Әрбір оқушы мектеп қабырғасын бітірісімен сұранысты айқындайтын маман болып жатса еліміздің ертеңі алаңсыз болар еді деп ойлаймыз.

Оқушылардың кәсіби бағдарлау жағдайын көрсетуді жүзеге асырудың алдында біз Қарағанды қаласының ММ жалпы білім беретін №57 Сләмия Саттаров атындағы мектептің педагогикалық ұжымына сауалнама жүргіздік. Бұл сауалнама А.Е. Голомшток әдісі бойынша жүргізілді [4, 160].